Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№33 (785) Сәрсенбі 17 тамыз 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti



## ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Қала әкімі Асылбек Шаменов Құрылысшылар күні кәсіби мерекесіне орай шаһардағы құрылыс саласының ардагерлері мен қызметкерлеріне құрмет көрсетті.**

Асылбек Өмірбекұлы құрыш қолды құрылысшыларды құттықтап, аймақтың осы салада жеткен жетістіктеріне мереке иелерінің үлесі зор екендігін жеткізді.

«Құрылысшының жұмысы – ғасырлар бойы сақталатын мұра. Сондықтан, құрылысшы құрметті де мәртебелі мамандық. Қызылордалықтарды сапалы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, инженерлік, өндірістік және көлік инфрақұрылымын салу жөніндегі мемлекеттік міндеттердің сәтті шешімі құрылысшылардың біліктілігі мен шеберлігіне байланысты. Сұлу шаһардың айбынын арттырып, сымбатына сән қосып, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшылардың орасан зор үлесі бар. Құрылысшылар күні мерекесі қарсаңында барша Сыр құрылысшылары мен ардагерлерін құттықтай отырып, туған жерімізді көркейтіп-көріктендірудегі игі істеріміз әрдайым жемісті, нәтижелі болсын деп тілеймін», – деді қала әкімі.

Қабылдауда саланың қарқынды дамуына үлесін қосып жүрген бірқатар құрылыс компанияларының қызметкерлері құрмет грамоталарымен, облыс және қала әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Жиын соңында сала ардагерлері құрылыс саласына мемлекеттен жасалып жатқан қолдаудың артқанын айтып, нәтижесінде қалада құрылыс ауқымының кеңейгендігін сөз етті.

Сонымен қатар, мереке қарсаңында назардан тыс қалдырмай құрмет көрсеткен шаһар басшысына алғыстарын жеткізіп, өңір дамуына өз тілектерін білдірді.

## ҚАЛА ӘКІМІ КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ




**Қала әкімі Асылбек Шаменов Тасбөгет, Белкөл кентінің тұрғындарымен кездесіп, ондағы атқарылып жатқан ілкімді істердің барысына куә болды.**

Кент және ауылдық округ тұрғындарымен кездесу бағдарламасына сәйкес, шаһар басшысы Тасбөгет кентіне барады.

Кентте бірқатар әлеуметтік нысандар бой көтеріп, құрылыс қарқынды жүруде. Бұл жолғы аралауда қала әкімі алдымен «Қызылорда строй монтаж» темір-бетон өнімдері цехына барды. Александр Ким басқаратын цех 11 адамды жұмыспен қамтып отыр. Цехта бетонды құдықтар, рабица торшалары, өзге де құрылыс материалдары шығарылуда. Шаһардағы құрылыстарға кәсіпорын дайын әрі сапалы өнімдерін ұсынып, кәсіпті ілгерілетуде.

Цех жұмысына сәттілік тілеген Асылбек Өмірбекұлы ары қарай Орталық саябақ жанында жеке кәсіпкердің бастамасымен салынып жатқан биометриялық зертхананың, «Құддыс ишан» мешітінің, 53 пәтерлік бес қабатты тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Жұмыстардың барысын бақылаған қала әкімі мердігерлерге нысандардың барлығы сапалы болуы керектігін тапсырды.

Тұрғындармен жүздесу №11 мектеп-лицейдің алдында өтті. Қала әкімімен кездесуде тұрғындар жер беру кезегі, қоғамдық көлік қатынасын реттеу, жаңа емхана салу қажеттілігі туралы өзекті мәселелерді көтерді. Шаһар басшысы талап-тілектердің ескерусіз қалмайтындығын, айтылған ұсыныстарға байланысты нақты шаралар қабылданғандығын жеткізді.

Қала басшысы Белкөл кентіндегі жас жеткіншектерді спортқа баулу мақсатында ашылған «Белкөл» спорттық сауықтыру кешенінің жұмысымен танысты.

Мұндағы 4 жаттығу залында 8 үйірме тұрақты жұмыс жасауда. Жас өрендер еркін күрес, джиу-джитсу, қазақша күрес, дзюдо, каратэ, үстел теннисі, шахмат т.б. спорт түрлерін меңгеріп, салауатты өмір салтын ұстануда. Кешен меңгерушісінің ендігі межесі тағы бір жабық спорттық нысанның құрылысын жүргізіп, футбол алаңын ашу. Ол үшін арнайы жері белгіленген.

Белкөл кентінің тұрғындарының игілігіне берілетін келесі нысан - теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі. Ұзындығы 108, биіктігі 8 метрлік көпір құрылысы биылғы жылдың ақпан айында басталған. Шойын жолдың екі бетін жағалай қоныстанған халық үшін ауадай қажет бұл көпір қазан айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Нысандарды аралап болған соң қала басшысы Асылбек Шаменов кент тұрғындарымен жүздесті. Бұл кездесуде белкөлдіктер бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Халықтың талап-тілегін тыңдаған қала әкімі көтерілген мәселелердің мүмкіндігінше тез шешілу жолдары қарастырылатынын атап өтті.

## ЖТМҚ-ның 78 түріне қала тұрғындары, шалғай ауылдар да қол жеткізе алады

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов «Жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып ем алу мүмкіндіктері туралы» тарқатып әңгімелейді.**




Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізумен жоғары технологиялық медициналық қызметтер (ЖТМҚ) көлемі артып келеді. Олар диагностика мен емдеудің инновациялық, бірегей әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл, ең алдымен, ашық жүрекке жасалатын оталар, жүрек, бауыр, бүйрек трансплантациясы, ми ісіктеріне арналған нейрохирургиялық араласулар, тұқым қуалайтын және жүйелі ауруларды, лейкоздарды, эндокриндік патологияның ауыр түрлерін емдеу, күрделілік жоғары хирургиялық араласулар.

ЖТМҚ-ның 78 түріне қала тұрғындары да, шалғай ауылдар да бірдей қол жеткізе алады. Егер адам ауырып қалса, оған инновациялық технологияларды қолдана отырып диагностика мен емдеу қажет болса, онда тұратын жеріне қарамастан, ол жоспарлы медициналық көмекке жүгіне алады. Басты шарт – МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі. Пациенттер алған жоғары технологиялық медициналық қызметтердің барлығы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен төленеді.

Қордың филиалы ЖТМҚ көрсетуге көпбейінді облыстық ауруханамен шарт жасасты.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 200,7 млн. теңге сомасына 29 жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде ТМККК шеңберінде 8,4 млн. теңге сомасына 1 қызмет, МӘМС жүйесінде 192,3 млн. теңге сомасына 28 қызмет.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 293,7 млн. теңге сомасына 48 жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде ТМККК шеңберінде 7,7 млн. теңге сомасына 1 қызмет, МӘМС жүйесінде 286,1 млн. теңге сомасына 47 қызмет.

Оталардың саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53% - ға төмендеді.

ЖТМҚ көрсетуге ағымдағы жылы Қор филиалымен 562,9 млн. теңге қарастырылған. 2021 жылы 539,3 млн. теңге бөлінді. Қаржыландыру көлемі 4% - ға өсті.

Жоғары технологиялық қызметтердің көмегімен көбінесе келесі оталар жүргізілді: автоматты кардиовертер/дефибрилляторды имплантгау; бас және мойын тамырларын эндоваскулярлық (жаппай) эмболизациялау немесе окклюзиялау; бивентрикулярлық дефибрилляторды, жалпы жүйені имплантгау (CRT-D); стенттерді бассүйекішілік артерияларға тері арқылы имплантгау.

ӘМСҚ қаражаты есебінен жасалған ең қымбат оталар - жүрек ырғағын басқаруға, жүрек жұмысын үндестіруге және өмірге қауіп төндіретін аритмиялардың алдын алуға арналған кардиологиялық қондырғыларды имплантациялау оталар. Бивентрикулярлық дефибрилляторды, жалпы жүйені (CRT-D) имплантгау, автоматты кардиовертерді/дефибрилляторды имплантгау сияқты оталар. Олардың әрқайсысының құны 8,4 млн теңге.

Құны бойынша орташа ота, сомасы 6,1 млн. теңге - бас және мойын тамырларын эндоваскулярлық (жаппай) эмболизациялау немесе окклюзиялау.

ЖТМҚ-дың арзан оталардың бірі, сомасы 3,1 млн. теңге - қолқа қақпақшасын тін трансплантатымен ашық және басқа ауыстыру; митральды қақпақшаны тін трансплантатымен ашық және басқа ауыстыру; аннулопластика.

ЖТМҚ-ға жолдаманы қалай алуға болады?

ЖТМҚ алуға жіберу туралы шешімді пациентті жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін қандай да бір медициналық ұйымға жіберу мәселесін шешу үшін бейінді мамандар кіретін жергілікті денсаулық сақтау басқармасының басшысы құрған арнайы комиссия қабылдайды.

Бұдан әрі медициналық ұйым пациенттің тіркелген жері бойынша құжаттар пакетін ЖТМҚ комиссиясының қарауына жібереді, содан кейін комиссия құжаттарды қарайды, жолдаманың негізділігін айқындайды және хаттамаға ресімдей отырып, шешім қабылдайтын болады. Оң шешім қабылданған жағдайда ЖТМҚ комиссиясы емдеуге жатқызуға жолдаманы пациенттің құжаттар пакетін қоса бере отырып, «Емдеуге жатқызу бюросы» порталында тіркейді. Электрондық форматта қалыптастырылған медициналық ұйымға емдеуге жатқызуға жолдаманы пациент веб-порталда, ЖТМҚ ұсынатын денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімінде және тіркелген жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына сұрау салу бойынша ала алады. Емдеуге жатқызуға жолдама келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қаралады және науқасты стационарға емдеуге жатқызу күнін айқындайды.

**Ж.ҚАСЫМ**

## ҚЫЗЫЛОРДАДА 1601 ОҚУШЫҒА ДЕМЕУШІЛЕР ЕСЕБІНЕН КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**«Мектепке жол» акциясы басталғаннан уақыттан бері облыс бойынша 1601 балаға жалпы құны 18 млн 953 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.**

Мемлекеттік мекемелер, шағын және орта кәсіп иелері, жауапкершілігі шектеулі серіктестер және демеушілер көмегімен балаларға оқуға ең қажетті – мектеп және спорттық костюмдер, кроссовкалар, сөмкелер және кеңсе тауарлары берілген. Ең бастысы, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарындағы балаларды мектепке дайындауға ерекше көңіл бөлінді.

«Бүгінде «Мектепке жол» акциясы жалғасуда. Барлық білім беру мекемелерінде микроаудандар бойынша балаларды тіркеу, есепке алу шаралары ұйымдастырылуда. Бүгінгі күнге дейін басқарманың сенім телефонына 3 мыңнан астам ата-ана тарапынан «Мектепке жол» акциясы жөнінде түсіндірме беру жөнінде хабарлама түсті», – дейді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Шолпан Жүнісова.

Айта кетейік, аталған акцияға «Қызылдихан» шаруа қожалығы, «БАҚ» шаруа қожалығы, «Ақжарма» шаруа қожалығы, «Сейфуллин Жер» шаруа қожалығы мен, «Жан-Рос» ЖШС, Мереке» ательесі, «Ақжүрек», «Ел Арай» компаниялары демеушілік танытып, көмек көрсетті.

Алдағы уақытта «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ – 100 оқушыға оқу құралы, «Dalatex» ЖШС 400 балаға форма тігіп беру жоспарлауда. Сондай-ақ, қаламыздағы А.Тоқмағамбетов мәдениет үйінің аумағында жергілікті тауарөндірушілердің қолынан шыққан мектеп формалары сатылуда. Бұл жәрменкелер 5 қыркүйекке дейін жалғасатын болады.



## СУПЕРМАРКЕТТЕР (ДҮКЕНДЕР) ҮШІН ЖАДЫНАМА!

**ҚР Сауда және интеграция министрлігі «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 7-тармағына сәйкес сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын жеткізуші арасында азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде жеткізушіден белгілі бір азық-түлік тауарларын сатып алуына байланысты ішкі сауда субъектісіне төленетін сыйақыны азық-түлік тауарының бағасына қосу көзделуі мүмкін екенін хабарлайды.**

Көрсетілген сыйақының мөлшері осы шарт тараптарының келісуіне жатады және сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасының 5% аспауға тиіс. Сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді. Ішкі сауда субъектісінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сатып алуына байланысты осы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген сыйақы мөлшерінен асқан кезде ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Анықтама: Сыйақы-тауар берушінің азық-түлік тауарларын ілгерілету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, азық-түлік тауарларын сатып алуға және өткізуге байланысты тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісіне, оның ішінде осындай тауарларды жарнамалау және оларды арнайы орналастыруды жүзеге асыру, сондай-ақ осы тауарларды дайындау, өңдеу, буып-түю арқылы ақшалай төлемі, сауда желілеріне жіберу немесе ірі сауда орындары.

Сонымен қатар, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 204-3-бабына сәйкес сыйақы мөлшерінен асып кету ескерту жасауға әкеп соғады. Жыл ішінде заңнама талаптарын қайталап бұзу 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына мыналар жатады:**

| | |
|---|---|
| ақ қант – құмшекер | күнбағыс майы |
| бірінші сортты бидай ұны | тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілігі) |
| бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны(пішінді) | сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі) |
| рожки(өлшеніп салынатын) | майлылығы 2,5% жұмсақ қаптамадағы сүт |
| қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын) | майлылығы 2,5% жұмсақ қаптамадағы айран |
| тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын) | сары май (тұздалмаған, майлылығы 72,5 %-дан кем емес, толтырғыштар мен өсімдік майлары жоқ) |
| картоп | |
| сәбіз | тауық жұмыртқасы (I санатты) |
| басты пияз | ас тұзы |
| аққауданды қырыққабат | сүзбе: майлылығы 5 – 9 % |

ҚР Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасы бар ел болып табылатынын хабарлайды және «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларын (бұдан әрі-ӘМАТ, 19 атаудан тұратын тізбе қоса беріледі) қоспағанда, тауарларға бағаларды ішкі сауда субъектілері дербес айқындайды. Осы Заңның 9-бабына сәйкес шекті сауда үстемесінің жол берілетін мөлшері өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда берушінің сатып алу бағасының

он бес пайызынан аспайды. Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес белгіленетін, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері асып кеткен кезде ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Анықтама: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 204-4 – бабы - ішкі сауда субъектісінің сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ӘМАТ-қа сауда үстемесінің мөлшерін асыруы – ескерту жасауға әкеп соғады, бір жыл ішінде қайталап асырып жібергені үшін-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне

10 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне-75 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін-300 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**«Сақтансаң, сақтайды» дегендей, азаматтар тосыннан келетін табиғат апаттары мен жол-көлік оқиғасынан туындайтын салдарлардан өздерінің жылжитын және жылжымайтын мүліктерінен айырылу қауіптерінен сақтануды жөн көреді.**

**Әр түрлі экономикалық формацияда күнелткен сақтандыру ең басты экономикалық институттардың бірі болып келеді, бірақ нарық жағдайында ғана жүзеге асырылады. Сақтандыру адамның маңызды қажеттілігі – қауіпсіздік қажеттілігін қанағаттандыруына бейімделген. Жалпы, сақтандыру – бұл адам өмірінде орын алуы мүмкін жағымсыз жағдайлардан заңды тұлғалар мен азаматтардың мүдделерін қорғайды және бұл сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.**



# САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

Ал, сақтандыру шарты - сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы олардың өзара міндеттемелерін айқындайтын келісім. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда өзге де төлемдерді жүзеге асыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

Сақтандыру нысандары:

1. міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;
2. сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүліктік;
3. сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша - жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады.

Міндетті сақтандыру - заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Міндетті сақтандырудың түрі, тәртібі және шарттары заңнама актісімен белгіленеді.

Міндетті сақтандырудың әр түрі сақтандырудың бөлек санаты болып келеді, оларға: өмірді сақтандыру; аннуитеттік сақтандыру; жазатайым оқиғалар мен аурулардан сақтандыру; медициналық сақтандыру; көлік құралдарын сақтандыру; жүкті сақтандыру; мүлікті сақтандыру; кәсіпкерлік тәуекелдігін (қатерлігін) сақтандыру; көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; келісім бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жатады.

Кәсіпкерліктің дамуы, нарықтағы бағалардың өзгеруі, ұжымдағы әріптестердің сенімсіздігі, шарт бойынша банкротқа ұшырауға байланысты шығындар болуы мүмкін. Сондай-ақ, кездейсоқ орын алатын жол-көлік оқиғасы сақтандыруды дамытуды талап етіп, сақтандыруға қажеттілік арта түсті.

Сақтандырудың ең көп таралған түрі – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру .

Қажеттілік артқан сайын, сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар да жоқ емес.

Алайда, азаматтар мен заңды тұлғалар сақтандыру шарттарына сәйкес, келтірілген материалдық шығынды өндіру туралы талаппен сотқа жүгінбес бұрын, сақтандыру компанияларына сақтандыруда көзделген өз құқықтарын талап еткен жөн. Яғни, сақтандыру шарттарынан туындайтын сот даулары міндетті түрде сотқа дейін бітіммен аяқтауды жүргізуді талап ететін даулардың санатына жатады.

Осылайша, қолданыстағы сақтандыру туралы заңнама талаптарына сәйкес сақтандырушымен анықталған зардап мөлшері туралы жәбірленушімен (пайда алушы) сақтандырушы арасында даулы сұрақ туындаған кезде сақтандыру омбудсманының кеңсесіне жүгіну қажет. Сақтандыру омбудсманының қызметінде белгілі мерзімнен аспайтын, сол уақытта шешім қабылданатын дауды қарау мерзімінің уақыт тәртібі анықталған.

Сақтандыру омбудсманы - сақтандыру ұйымдары арасында міндетті және ерікті сақтандыру мәселелері бойынша туындайтын; сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) мен сақтандыру ұйымдары арасында сақтандыру шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға екенін түсіндіреміз.

Жалпы, «Сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 8 нормативтік қаулысында айқындалғандай, көрсетілген құқық қатынастары бойынша заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық, Қазақстан Республикасының Еңбек, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстерінен, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі, «Туристі міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы, «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін анықтау қағидаларынан (және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі негізгі ережелерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру брокерлерін құру, олардың қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын ашу, олардың қызметін лицензиялау, реттеу, тоқтату ерекшеліктерін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру нарығында қызмет ету шарттарын, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу міндеттерін және сақтандыру қызметін бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету қағидаттарын айқындайды.

Бүгінгі күні соттарда сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты істерді қарауда бірыңғай тәжірибе қалыптасып, істерді қарау сапасы тұрақталған.

Мәселен, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында талап қоюшы «К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Н» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамынан сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талабы бойынша азаматтық іс қаралды.

2018 жылғы 10 сәуірде сақтандырушы (жауапкер) мен сақтанушы (талап қоюшы) арасында ерікті сақтандыру шарты жасалып, шарт бойынша мамандандырылған техника – тиегішті залалдан сақтандыру сомасы 5 000 000 теңгені құраған.

2018 жылдың 17 маусымында Қызылорда облысының кен орнында жоғарыда аталған арнайы техниканың кенеттен жануы салдарынан сақтандырыл-ған мүліктің толық жойылуы орын алған.

Талап қоюшы жауапкерге сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлап, сақтандыру төлемін алуға қажетті құжаттарды ұсынған, алайда жауапкер техникада бұрыннан ақау болған деген негізбен зиянды өтеу бойынша әрекет жасамаған, осыған байланысты талап қоюшы жауапкерден 5 000 000 теңге мөлшеріндегі сақтандыру төлемінің сомасын өндіріп алуды сұрап, сотқа талап қоюмен жүгінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 803-бабының талаптарына сәйкес сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда өзге де төлемдерді жүзеге асыру жағдайлары көзделуі мүмкін. Сақтандыру сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың талаптарына сәйкес сақтанушы сақтандырушыға шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде шартта белгіленген талаптарға сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенген.

Сақтанушының сақтандырылған мүлікті иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері (мамандандырылған техника) оның зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы) салдарынан сақтандыру объектісі болып табылады.

Сотта анықталғандай, кен орнында жоғарыда аталған арнайы техниканың кенеттен жануы салдарынан сақтандырылған мүліктің толық жойылуы орын алған.

Сотта өзінің қорытындысына түсіндірме берген Қызылорда облысы бойынша сот сараптамасы институтының сарапшысы С. жүк тиегіштің толық жануы оны әдейі өртеуден немесе бұрыннан пайда болған ақаудан емес, қозғалтқыштың жанында орналасқан жанармай беру жүйесінің кенеттен істен шығып, жанармайдың қызып тұрған коллекторға тамып оттың тұтануы себебінен орын алғанын көрсеткен.

Сонымен қатар, 2018 жылға арналған техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесінің жылдық жоспарына сәйкес, сақтандырылған мүлік (мамандандырылған техника) 2018 жылдың маусым айындағы техникалық қызмет көрсету актісіне сәйкес техникалық тексеруден өткен. Оқиға болған күні іс материалдарына сәйкес көлік құралы жарамды күйде болған, бұл жағдай арнайы техниканың жай-күйін күнделікті тексеру журналындағы мәліметтермен де расталған.

Азаматтық кодекстің 828-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында немесе заң актілерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті.

Сот шешімімен талап қоюшы «К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылды. Франшиза талаптары ескеріліп (франшиза - сақтандырушыны сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату), жауапкер «Н» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамынан талап қоюшының пайдасына 4 500 000 теңге мөлшерінде сақтандыру төлемі, 135 000 теңге мөлшерінде мемлекеттік бажға төленген сот шығысы өндірілді.

Сондай-ақ, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында талап қоюшы «Х» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамының жауапкер «Б» кәсіпорнынан сақтандыру сыйлықақысының сомасын өндіріп алу туралы азаматтық іс қаралған.

«Х» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы мен «Б» кәсіпорны арасында қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру және міндетті экологиялық сақтандыру шарттары жасалған. Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 471 417 теңге.

Сақтандыру шарттарына сәйкес, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді. Алайда сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлемеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 272, 273-баптарының талаптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Аталған кодекстің 818-бабының 1-тармағына сәйкес сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Ал, 831-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сақтанушы сақтандыру шарты белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге міндетті.

Іс материалдары бойынша сақтандырушы мен сақтанушы арасында міндетті сақтандыру шарттары жасалғаны, алайда сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлемегені анықталды.

Сот шешімімен талап қоюшы «Х» акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 471 417 теңге сақтандыру сыйлықақысы өндірілді.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында талап қоюшы «Н» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Қ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен сақтандыру сыйлықақысын өндіріп алу туралы талап қоюы бойынша заматтық іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралды.

Сот шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкерден сақтандыру сыйлықақысы өндірілді.

Қорыта айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру шарттарын жасауы - қандай да бір қолайсыз жағдайлар туындаған кезде олардың мүліктік мүдделерін қорғаудың кепілі болып табылатынын атап өткен жөн.

**Б.ЕЛШІБЕКОВ,**
**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы**



# АЛИМЕНТ ӘКЕ БОЛМАЙДЫ

**Алимент ата-ананың орнын алмастыра алмайды. Бұл қаржы баланың күнделікті қажеттілігін өтеу үшін тағайындалады. Алайда, әке беретін мейірімді, қолдауды, қамқорлық пен тәлім-тәрбиені қаржысымен толтыру әсте мүмкін емес. Міне, осыны кейбір азаматтар түсіне бермейді. Осындай өз баласына алимент төлеуден қашатын әкелер сот шешімдерінің орындалмай, орта жолда қалуына залалын тигізіп отыр. Бүгінде сот орындаушылар өндірісіндегі істердің басым бөлігі алимент өндіруге қатысты. Жыл басынан бері Қызылорда қалалық сотына 2022 жылдың 7 айы бойынша алиментті өндіріп алу дерегі бойынша 710 арыз түссе, облыс бойынша 890 атқарушылық іс түскен. Орындауда 13002 атқарушылық іс бар.**

## Соңғы 6 айда 608 некені бұзу туралы іс қаралған

Дәстүрлі қазақ отбасында бұрын ажырасу деген мүлдем болмаған. Өкінішке орай, бүгінде еліміздің барлық өңірінде ажырасу үйреншікті жағдайға айналған. Кеше ғана бақытты отбасы болуға бекініп, бір-бірін сыйлап өтуге серттескен жастардың бір-ақ күнде жатқа, тіпті дұшпанға айналып кетуі ешкімді таңдандыра қоймайды. Қынжылтатыны, статистиканың кері кеткені емес, ажырасқан отбасыларда бала психикасының соққы алатыны. Ерлі-зайыптылар арасындағы некенің бұзылуынан ең алдымен балалар зардап шегуде. Кез келген бүлдіршін анасы мен әкесінің жанында, тату отбасында өскенді қалайды. Өкінішке орай, баланың пікірімен санасып жатқан ата-ана жоқ. Қызылорда қалалық сотына 2022 жылдың 6 айында 3763 талап қою мен 121 азаматтық іс түскен. Оның ішінде неке бұзу туралы – 608 іс қаралған. Көрсеткішке сүйенсек жыл басынан бері 608 отбасы некені бұзу туралы өтініштерін жолдаған. Демек алты айдың ішінде ай сайын 100 – ден аса отбасының шаңырағы шайқалады екен.

## Жастарды жарастыруға соттар да мүдделі

Бүгінде сотқа неке бұзу туралы арыз жазып келген жұптар ажырасуға тұрмыстық жағдайдың қиындығын, мінездерінің жараспауын, ерінің ішімдік пен нашаға тәуелді болуын алға тартып жатады. Мұндай жағдайда сот ерлі-зайыптылардың өзара түсінісуіне, асығыс шешім қабылдамауына, мәселені ақылмен, байыппен шешуіне ықпал етіп, арнайы уақыт беріп жатады. Кейбір жұптар осы берілген уақыт ішінде татуласып, отбасын сақтауға екі жақтан тырысады. Ал кейбір жұптарға қанша уақыт берсең де шешімін өзгерте қоймайды. Мұндайда судьяның некені бұзу туралы шешім шығарудан бас тартуға ешқандай құқығы жоқ. Дегенмен, ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың менмендікті басып, бір-біріне кешіріммен қарауы маңызды. Өйткені, отбасының бұзылуы толық емес жанұялар санының көбеюіне, әке тәрбиесін көрмей өсетін балалардың көбеюіне, әлеуметтік аз қорғалғандар санының артуына алып келеді.

Судьяның сөзіне сүйенсек, ажырасу тек бір сот процесімен аяқталмайды. Некені бұзу туралы сот кейіннен ортақ мүлікті бөлу, балалардың кіммен қалатынын анықтау, баламен кездесу уақытын белгілеу, алимент төлеу секілді бірнеше сот отырысына жалғасады. Ал осыншама сот отырысы ересек адамдардың өзін тоздырып, жүйкесіне кері әсер етіп жатады. Сот процесі деп жүргенде отбасының шаруасы жайына қалады, көңілі алаңдаған адам айналасымен сөзге келіп, жанжалдасуы мүмкін. Мұндай кезде жұмыстың өнімділігі тоқтайды. Сот отырысы болады деп үнемі жұмыстан сұранып, ойы басқа жақта жүрген адамды жұмыс берушінің де жақтыра қоюы екіталай. Сонымен бірге соттасып жүрген адамдардың баланы бақылауға, тәрбиесімен айналысуға уақыт таппайтыны белгілі. Міне, осындай кері әсері көзге көрініп тұрғандықтан судьялар әрбір отбасыны сақтап қалуға, ерлі-зайыптыларды татуластырып, жарастырып жіберуге күш салады.

Ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік ажырасқаннан кейін де тоқтамайды. Өйткені алимент беруден жалтаратын азаматтар көбінесе бұрынғы әйеліне ақша бергісі келмейтінін алға тартады. Сол себепті олар мекен - жайын жиі өзгертіп, ресми айлығын жасырып, қаржысын қолма-қол алуды әдетке айналдырады. Осындай айла тәсілдің арқасында қулығын асырған әкелерден облыс бойынша 168 ана балаларына тиесілі алиментті ала алмай отыр.

Алимент сот шешімімен немесе тараптардың келісімімен төленеді. Бұл келісім жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариуста куәландырылады. Егер келісімге келу мүмкін болмаса немесе тараптардың бірі алименттерді төлеуден бас тартса, онда сотқа өтініш беріп, алиментті мәжбүрлі төлеткізуге болады. Ол үшін Азаматтық процессуалдық кодексінің 32-бабына сәйкес сотқа талап арызбен жүгіну қажет. Сот орындаушылар алиментке қатысты сот актілерін бірінші кезекте орындауға күш салады. Қалай болғанда да мұның артында бала тағдыры тұр.

Құзырлы органдар әкелік парызын өтеуден қашып жүргендерді тауып алдымен сот актісін дер кезінде орындауға шақырады. Алимент төлеуге мойын бұрмаса, ескерту жасалады. Одан кейін жалақысынан алимент сомасын ұстап қалуға әрекет жасалады. Статистикалық мәліметке жүгінсек қазіргі таңда облыс бойынша жалақыдан немесе сыйақылардан ұсталған 5731 іс мерзімді орындауда. Жалпақ тілмен айтқанда 5731 борышкердің жалақысынан алимент ұсталып отыр.

Алиментті жалақыдан ұстау борышкер жұмыс істейтін ұйым есепшісінің басшылығында болады. Оны ұстау және аудару үшін нотариалды расталған келісім мен сот бұйрығы немесе атқару парағы қажет. Алайда, борышкер әкелер көбіне-көп жалақысын заңды түрде алмайды, табысын барынша жасырады. Олар жылжымайтын, жылжитын мүліктерін, банктегі шоттарын да туыстарының атына жазуға машықтанған. Мұндай жағдайда берешектен алиментті өндіру мүмкін

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖАҢҒЫРТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



**Заңнамаларды ізгілендіруге бағытталған өзгерістер қоғам қажеттілігінен туындайды. Себебі, заң елдегі құқықтық түйткілдерді шешуге пәрменді болуы тиіс. Әр уақыттың заңына қарап, сол кезеңнің құқықтық жағдайын және заман келбетін қиындықсыз аңғаруға болады, осыдан «Заманына қарай - заңы» деген сөздер қалыптасқан.**

Өткен жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше заңға қол қойғаны мәлім. Соның ішінде қылмыстық заңдарға енгізілген елеулі өзгерістер мен толықтыруларды халыққа таныстыру, бөлісу аса маңызды. Атап айтқанда, 2021 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Өзгерістер мен толықтырулар аясында, елімізде өлім жазасы ұғымы, мораторий кезіндегі талаптар мен оларды қолдану туралы Қылмыстық Кодекстегі арнайы бап күшін жояды. Өлім жазасы қылмыстық заңнаманың санкцияларынан алынып тасталады. Ал, өмір бойы бас бостандығынан айыру ең қатаң жаза болып қала береді.

Қылмыстық кодексті толықтыру арқылы өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды. Өлім жазасына байланысты мәселелерді реттейтін қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару кодекстерінің ережелері толық көлемде жойылды. Өлім жазасы қылмыстық жаза түрі ретінде ұлттық заңнамадан толығымен алынып тасталды. Осылайша, Қазақстан өлім жазасынан бас тартқан 106 мемлекеттің қатарына кірді.

Осы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-бабының екінші бөлігіндегі «бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе бас бостандығынан айыру» деген сөздермен, 11-баптың бесінші бөлігіндегі «өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылды.

